



Alhan Bókeihan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTÓGAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан бастап шығады

Aqtogai aýdandyq qogamdyq-saiasi basylym

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 26 (7968) 19 шілде, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru



Президент реформасы – өміршең өзгерістер

Халық денсаулығы назарда

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің болашақ дамуы мен ертеңгі күнге бетбұрысын айқындап берді. Жолдауда еліміздің демографиялық ахуалының және ұлт саулығының оң өзгерістері туралы айтылды. «Елімізде жыл сайын 400 мыңнан астам бала дүниеге келеді. Халқымыздың өмір сүру ұзақтығы да артып келе жатыр. Былтыр бұл көрсеткіш 74 жастан асты», – деді Президент.

Жолдауда зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтарға ерекше назар аударды. Ел Президенті өндірістік жарақат алудың жиілеуі өте өткір мәселе болып отырғанын атап өтті. Сондықтан, Үкіметке 2030 жылға дейінгі

қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын қабылдауды тапсырды. Бұл құжат жұмыс орнындағы кәсіби сын-қатерлердің алдын-алуға және жоюға бағытталуы керек. Өрбір дерттің алдын-алуда қажетті сауықтыру және емдеу шараларын жүргізе отырып, міндетті алдын-ала және мерзімді медициналық қарап-тексерулердің

маңызы зор. Бұдан бөлек Жолдауда ірі өндіріс орындарынан халық денсаулығына келетін қауіптің алдын-алу үшін Үкіметке кәсіпорындардың технологиялық және экологиялық ахуалын, денсаулық сақтау жүйесін жақсарту үшін батыл шаралар қабылдауды тапсырды. Жолдауда айқындалған бағыттар өңіріміздің экономикалық өсімін жеделдетіп, халықтың әл-ауқатын жақсартуда маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Ендеше, елдің ертеңіне алаңдаған ел Президентінің жаңа бастамаларына қолдау білдіріп, жүктеген міндеттерге жауапкершілікпен қарауымыз қажет.

Г. Мерхайдарова,
Шабанбай би ауылдық округінің отбасылық емханасының фельдшері.

* * * * *

Елдің әлеуметтік экономикалық дамуы басты мәселе

Президент Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында стратегиялық мақсаттармен қатар, орта мерзімде, яғни алдағы 3 жылда жүзеге асырылатын нақты міндеттер қойды. Соның ішінде макроэкономикалық саясатты қайта қарап, жаңарту керектігін айтты.

Бұдан бөлек, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы инвестицияның маңыздылығына, экономиканың өсімін тежеп тұрған басты мәселе бұл – инвестицияның жетіспеушілігі екенін баса айтты. Бұл мәселені тиімді шешудің жолы ретінде өндіріске шетелдік инвесторлармен қатар, отандық инвесторларды тартудың қажеттілігіне тоқталды. Сонымен қатар еліміздегі банктердің экономиканы дамытуға белсенді атсалыспауының салдарынан 2022 жылғы негізгі капиталға салынған қаражат сомасы ІЖӨ-ге шаққанда небәрі 15 пайыз болғанын, банктердің тұтыну несиесімен әуестенуі қаржы жүйесіне төнетін сынқатерлердің көбеюіне және азаматтардың шектен тыс қарызға батуына әкеп соқтырғандығын айтты. «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң» мәселені біршама реттегенін, дегенмен бұл бағытта банктердің жеке тұрғындарға тұтыну кредиттерін бергеннен гөрі нақты секторды қаржыландыруға аса мән бергендері тиімді болатындығын жеткізді. Бұл салада қалыптасқан ахуалды түбегейлі түзету үшін жаңадан жүйелі шаралар қабылдау қажеттігін, ол үшін ең алдымен, азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру өте маңызды шарт екендігін атады. Осы орайда, Мемлекет басшысы «Аманат» партиясының жүзеге аса бастаған «Қарызсыз қоғам» жобасына тоқталып, оның тиімділігін ерекше атап өтті. Алдағы кезеңдерде Үкіметке «Аманат» партиясымен бірлесіп, «Қарызсыз қоғам» жобасының ауқымын кеңейтуді тапсырды. Бұл жобаның негізгі мақсаты – жеке тұлғалар арасында проблемалық берешегі бар адамдардың қаржылық сауатын арттыру.

Глэхор Қайранбекова,
Сарышаған кентінің әкімі аппаратының бас маманы.

* Мереке мезіреті

Балықшылар күні

жоғары деңгейде аталып өтті

Жыл сайын Қазақстанда шілде айының екінші жексенбісінде балықшылар күні аталып өтеді. «Балық шаруашылығы қызметкерлері күні» мерекелік күнтізбеде өзіндік орны бар. Бұл айтулы күн балық шаруашылығын дамытудың тың тетіктерін дамытуға мүмкіндік беріп, ортақ іске бірігетін балықшы қауымның мәселесін оңтайлы етуге жол ашады. Бұл кәсіби мереке дәстүрлі түрде Каспий және Арал теңіздерінде, Балқаш және Зайсан көлдерінде және Қазақстанның басқа да су айдындарында балық аулаумен айналысатын отандастарымыз үшін де маңызды. Ал, біздің оңтүстік өңірімізде орналасқан тасаралдықтар үшін осы атаулы күннің орны ерекше. Өзен-көл, теңізіміз балықты көл

салтанаты болды. Ауылдың үлкендері мереке күнімен барша қауымды құттықтаған соң, шара бағдарлама бойынша жағажайда өз жалғасын тапты. Суға шомылу алаңында ауыл мектебін 1994 және 2004 жылғы аяқтаған тұлғалар жағажайға демалыс шатырын орнатып көпшілік алғысына бөленді. Мереке



Балқаштың іргесінде орналасқан тасаралдықтар үшін балық халықтың берекесі мен байлығы. Тіршіліктің өзегі болған балық өнеркәсібін дамытушы балық саласының ардагерлері мен қызметкерлерінің және еңбек ұжымдарының жоғары шеберлігі және өз ісіне адалдықтарын дәріптей келе ауылдастар келелі шара өткізді. «Балықшылар мерекесі» күні Тасарал ауылдық округінің кіре берісіне 1967 жылы туған тұлғалардың демеушілігімен «Балық» мүсінінің ашылу

көркі жағажай алаңында қыза түсті, яғни ерлер арасында суға жүзуден, қайық есуден, арқан тартыстан жарыстар болды. Көшеаралық футболдан жарыс өтіп, қазақша күрес, командалық арқан тартыстан жарыстар өте жоғарғы деңгейде ұйымшылдықпен аталып өтті.

Барлық жарысқа қатысқандар арнайы мадақтамалармен, сыйлықтармен марапатталып, соңында «Тоқырауын толқындары» және Приозерскіден келген өнерпаздар әннен шашу шашты. **Г.Елеусізова.**

Ақтоғай ауданының Ортадересін ауылдық округі әкіміне кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы
Х А Б А Р Л А М А
(2024 жылғы 4 тамыздағы сайлау)

2024 жылғы 14 шілдедегі сағат 18.00-дегі жағдай бойынша

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын лауазымы, жұмыс орны, тұрғылықты жері	Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну тәртібімен	Тіркеу күні
1	Аубакиров Дулат Сайлаукенович	1986	Сектор менгерушісі, "Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен	10.07.2024 ж
2	Жармаганбетов Азамат Табаракұлы	1983	Ұйымдастыру бөлімінің басшысы, «Аудандық әкім аппараты» ММ, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен	10.07.2024 ж
3	Кркруов Сейткали Бейсенбаевич	1964	Ортадересін ауылдық округінің әкімі, «Ортадересін ауылдық округі әкімі аппараты» ММ, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін ауылдық округі, Ортадересін ауылы	«АМАНАТ» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы	06.07.2024 ж

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының әкіміне кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы

Х А Б А Р Л А М А
(2024 жылғы 11 тамыздағы сайлау)

2024 жылғы 16 шілдедегі сағат 18.00-дегі жағдай бойынша

№	Аты, әкесінің аты, тегі	Туған жылы	Атқаратын лауазымы, жұмыс орны, тұрғылықты жері	Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну тәртібімен	Тіркеу күні
1	Алибаев Алтай Баймаганбетович	1985	Басшы, «Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы.	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен	11.07.2024 ж.
2	Аманжолов Абылай Базылулы	1984	Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары, «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» ММ, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы.	«АМАНАТ» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы	13.07.2024 ж.
3	Нөкеш Қайрат Оразұлы	1966	Хатшы, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Астана қаласы.	Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы	10.07.2024 ж.
4	Стыбаев Орал Замирбекович	1985	Шет ауданы әкімінің орынбасары, «Шет ауданы әкімінің аппараты» ММ, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы.	Өзін-өзі ұсыну тәртібімен	11.07.2024 ж.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

Ақтоғай ауданы бойынша кандидаттарға сайлаушылармен кедесулер өткізу үшін үй-жайлар

Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 21 ақпандағы №11/02 қаулысымен бекітілген

№	Елді мекеннің атауы	Үй-жайлардың мекен жайы	Жалпы көлемі	Жауапты
1	Ақтоғай ауылы	Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы Ө.Бөкейхан көшесі №2 ғимаратта орналасқан КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Ақтоғай аудандық мәдениет үйі.	303	«Ақтоғай аудандық мәдени бос уақыт өткізу орталығының» директоры Кожамбаев Г.М Тел: 8(71037)21351 Ұялы тел:87052437801
2	Абай ауылдық округі	Ақтоғай ауданы, Абай ауылдық округі, Абай ауылы көшесі №8, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Абай ауылдық клуб үйінің ғимараты.	220	
3	Айыртас ауылдық округі	Ақтоғай ауданы, Айыртас ауылдық округі, Айыртас ауылы көшесі №7, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Айыртас ауылдық клуб үйінің ғимараты.	210	
4	Қарабұлақ ауылдық округі	Ақтоғай ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі, Нарманбет ауылы Сана би көшесі №7, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Нарманбет ауылдық клуб үйінің ғимараты.	240	
5	Жидебай ауылдық округі	Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі, Сәуле ауылы, Жастар көшесі №5/2, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты, Сәуле ауылдық клуб үйінің ғимараты.	170	
		Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі, Үшарал ауылы, Бәйтерек көшесі №61, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты, Үшарал ауылдық клуб үйінің ғимараты.	200	
		Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі, Жаланаш ауылы, Астана көшесі №22А, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты, Жаланаш ауылдық клуб үйінің ғимараты.	150	
6	Қусак ауылдық округі	Ақтоғай ауданы, Қусак ауылдық округі, Қошқар ауылы, Мәдениет көшесі №15, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Қошқар ауылдық клуб үйінің ғимараты.	250	
7	Қызыларай ауылдық округі	Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылдық округі, Ақжарық ауылы, У.Жанібеков көшесі №10, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Ақжарық ауылдық клуб үйінің ғимараты.	260	
8	Кежек ауылдық округі	Ақтоғай ауданы Кежек ауылдық округі, Ақши ауылы, Бейбітшілік көшесі №6, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Ақши ауылдық клуб үйінің ғимараты.	200	
9	Қараменди би ауылдық округі	Ақтоғай ауданы, Қараменди би ауылдық округі, Ақтас ауылы, Еңбек көшесі №7 КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты, Ақтас ауылдық клуб үйінің ғимараты.	230	
		Ақтоғай ауданы, Қараменди би ауылдық округі, Қуаныш ауылы, Кенішбай №13 көшесі, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты, Қуаныш ауылдық клуб үйінің ғимараты.	250	
10	Нүркен ауылдық округі	Ақтоғай ауданы Нүркен ауылдық округі, Нүркен ауылы, Жалантөс көшесі №6, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Нүркен ауылдық клуб үйінің ғимараты.	400	
11	Ортадересін ауылдық округі	Ақтоғай ауданы Ортадересін ауылдық округі, Ортадересін ауылы, Жаушықов көшесі №20, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Ортадересін ауылдық клуб үйінің ғимараты.	360	
12	Сарышыған кенті	Ақтоғай ауданы Сарышыған кенті, Абай көшесі №12, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Сарышыған кенттік клуб үйінің ғимараты.	80	
13	Сарытерек ауылдық округі	Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылдық округі, Сарытерек ауылы, Парасат көшесі №18/А, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Сарытерек ауылдық клуб үйінің ғимараты.	100	
14	Шашубай кенті	Ақтоғай ауданы Шашубай кенті, Ақбергенова көшесі №3, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Шашубай кенттік клуб үйінің ғимараты.	370	
15	Шабанбай би ауылдық округі	Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылдық округі, Шабанбай би ауылы Бөкейхан көшесі №12, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Шабанбай би ауылдық клуб үйінің ғимараты.	300	
16	Тасарал ауылдық округі	Ақтоғай ауданы Тасарал ауылдық округі, Тасарал ауылы ауылы, Ағыбай батыр көшесі №5, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Тасарал ауылдық клуб үйінің ғимараты.	200	

Ақтоғай ауданы, Ортадересін ауылдық округі әкіміне үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Ақтоғай ауданы, Ортадересін ауылдық округі әкіміне үміткер Аубакиров Дулат Сайлауқеновичтің өмірбаяны және сайлауалды бағдарламасы



Мен Аубакиров Дулат Сайлауқенович 1986 жылы 2 қыркүйекте Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылында дүниеге келдім. 1993 жылы К.Байсейітова атындағы мектептің 1 сыныбына барып, 2004 жылы 11 сыныпты аяқтадым.

2004-2008 жылдары Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің «Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша бітірдім.

06.02.2009-09.11.2014 жыл аралығында Ақтоғай ауданының Жастармен жұмыс жасау орталығы ММ бас маманы, 10.11.2014 жылдан бастап Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы,

07.06.2017 жылдан бастап сектор меңгерушісі болып қызмет атқарып келемін.

Құрметті сайлаушылар!

Сіздер маған сенім білдірген жағдайда Ортадересін ауылдық округі тұрғындарының мүддесін қорғап олардың талап-тілектерін жүзеге асырмақпын:

Халқымыздың түп тамыры ауыл болған соң, ең бірінші ауыл үшін қызмет жасау – менің азаматтық парызым. «Ауылым – алтын бесігім» – деген қасиетті сөз әрдайым менің жүрегімде.

* Мал шаруашылығын дамыту, мал тұқымын асылдандыру, ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу;

* Жұмыссыздықты азайту мақсатында бағдарламалар бойынша мемлекет тарапынан жеңілдікпен берілетін несиелер мен жәрдемақыларды алып тұрғындардың өз кәсіптерін ашуына, қайтадан кәсіби білім алып жұмысқа орналасуына, тұрғындардың әлеуметтік жағынан аз қорғалған тобына мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақыларды алуына;

* Ауылдық округте кәсіпкерліктің дамуына жағдай жасау, тұрғындардың негізгі кәсібі ауыл шаруашылығы болғандықтан мал басын көбейтіп және оның сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік бағдарламалар бойынша жұмыстарын ұйымдастыру;

* Ауыл тұрғындарының денсаулығын нығайтуға байланысты дәрігерлік қызметті күшейтудің және дәріхана және ветеринариялық дәріхана пункттерін ашудың жолдарын іздестіру;

* Ауыл тұрғындарының денсаулығын нығайтуға байланысты дәрігерлік қызметті күшейту және дәріхана ашу мүмкіндіктерін қарастыру;

* Мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту;

* Ауылдық округке «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы мамандар тарту;

* Округ бойынша байланыс жүйесінің сапасын арттыруға;

* Белсенді ауыл тұрғындарының, оның ішінде жастардың жеке кәсіп ашуына, кәсіпкерлікті қолдау;

* Жолдың сапалы ағымдағы жөндеуден және ауыл ішілік жолдарды жөндеуден өткізу;

Егер де сайлау барысында Сіздердің қолдауларыңызға ие болып жатсам, өкім боп халқыма жақын боп, халықпен жұмыс жасау, дамыту маған арқаланған үлкен жүк деп білемін.

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай ауданы, Ортадересін ауылдық округі әкіміне үміткер Қрқруов Сейткали Бейсембаевичтің өмірбаяны және сайлауалды бағдарламасы



Мен, Қрқруов Сейткали Бейсембаевич 1964 жылы мамыр айының 27-сінде Қарағанды облысы, Балқаш қаласында дүниеге келдім. 1971 жылы “Ортадересін жалпы орта білім беретін мектеп” табалдырығын аттап, 1981 жылы бітіріп шықтым. 1982-1984 жылдары Кеңес армиясы қатарында болдым. 1988 жылы Талғардағы ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумын тәмамдадым. 2004жылы Халықаралық экология-гуманитарлық академиясын бітірдім. 1988-1993 жылдары Балқаш совхозында әртүрлі қызметтерде жұмыс атқардым. 1993 жылдан бастап 2013 жылға дейін Қазақстан қарулы күштерінде қызмет атқардым. 2013 жылы прапорщик шенінде әскери зейнетке шықтым. 2020 жылдың тамыз айынан бастап, «Ортадересін ауылдық округі әкімі аппараты» Мемлекеттік мекемесінде Әкім болып қызмет атқарып келемін. «AMANAT» партиясының мүшесімін.

Құрметті сайлаушылар!

Мен ауыл әкімі болып сайланатын болсам, алдағы 4 жылда:

– Мемлекеттік бағдарламаларды пайдалана отырып ауыл тұрғындарынан, кәсіпкерлердің санын арттыруға. Мектеп, клуб үйі, кітапхананың материалдық-техникалық базасын одан әрі жақсартуға, тиісті жұмыстарды ұйымдастыруға;

– Жергілікті қауымдастық, Ардагерлер кеңесі, Отбасы және Әйелдер ісі кеңесі,

Ақтоғай ауданы Ортадересін ауылдық округі әкіміне үміткер Жармағанбетов Азамат Табаракұлының өмірбаяны және сайлауалды бағдарламасы



Жармағанбетов Азамат Табаракұлы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауылында 13 наурыз 1983 жылы дүниеге келген.

Білімі жоғары.

2004-2005 ж.ж. аралығында ҚР Қарулы Күштері қатарында әскери борышын өтеген, 2005-2006 ж.ж. Жол өндірістік мекемесінде кадр жөніндегі инспектор, 2006-2007ж.ж. аудандық кәсіпкерлік бөлімінде заңгер маман, 2007-2008ж.ж. Ақтоғай ауданы бойынша Халыққа қызмет көрсету орталығында кеңесші, операциялық залдың бастығы, 2008-2015 ж.ж. Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру және кадрлық жұмыстар бөлімінің бас маманы, 2015-2016 ж.ж. аралығында ҚР Ұлттық экономика

министрлігі тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің «Ақтоғай ауданының тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» РММ-нің тұтынушылардың құқықтарын қорғау және санитариялық эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің басшысы, 2016-2017 ж.ж. Ақтоғай аудандық мәслихат аппаратының бас маманы, 2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру бөлімінің басшысы.

Отбасылы.

Құрметті сайлаушылар!

Мен сайлаушылардың сенімін иемденіп, ауыл әкімі болсам

– Ортадересін ауылы көшелерін жарықтандыру жұмыстарын жалғастыру және ауылдың кіреберіс көшесіне жарықтандыру тіректерін орнатуға;

– Ортадересін ауылында саябақ орнатуға;

– Ортадересін ауылының мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

– Әлеуметтік бағдарламалардың орындалуына және оның орындалу сапасына бақылауға;

– Ортадересін ауылының жол мәселесін шешуге атсалысамын;

– Салауатты өмір салты ұлт денсаулығының кепілі деп есептеймін. Қолжетімді және сапалы медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету – басты міндеттердің бірі. Елді мекенде жастардың спортпен айналысуына мүмкіндіктер қарастыруға септігімді тигіземін.

– Жастар арасында патриоттық тәрбие беру, бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алу жұмыстарын жандандыру;

– Халықпен, жергілікті қауымдастықпен, кеңестермен тығыз байланыста болып, билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын негізге алып, жұмыстар атқару;

– Санитарлық тазалықты қамтамасыз етуге, Ортадересін ауылын абаттандыру және көгалдандыруға;

– Жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмыссыз жастарды жұмысқа орналастыруға бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Сонымен қатар зейнеткерлер, мүгедектер, тыл және еңбек ардагерлерін, оқушылар мен көпбалалы отбасыларды әлеуметтік қорғауда атқарылатын жұмыстарда барынша белсенділік танытамын.

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

Жастар ісі сияқты қоғамдық ұйымдардың жұмысын дамыта отырып, мемлекеттік басқарудан халықтық басқаруға қол жеткізуге;

Мен ауыл бюджетін шектеулі екенін түсінемін, сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздей отырып, ауылды абаттандыру жұмыстарын, тазалық мәселесіне көп көңіл аударамын.

– 2025 жылы 12 млн. қаражатқа қазіргі уақытта жөндеу жұмыстары жүріп жатқан ауылдағы жастардың мәдени бос уақыт өткізу орталығын спорт бөлмесіне спорттық жабдықтарын және 15 млн. қаражатпен мектеп алдына брусчатка мен газон салынады. Ақжайдақ елді мекеніне 12 млн. қаражатты қажет ететін спорттық алаң салынады.

– 2026 жылы 12 млн. қаражатқа ауылдағы мешітке абаттандыру мен жөндеу жұмыстары және 8 млн. қаражатқа ауыл мектебіне STEM сыныбы (робототехника) жабдықтау жоспарланған. 2026 жылы Ортадересін станциясына 7 млн. қаражатқа балалар алаңы жоспарда.

– 2027 жылы Ортадересін ауылына 17 млн. жаңадан балалар алаңы және 13 млн. көше жарықтарын (40 тірек) салыну жоспарда.

– 2028 жылы Ортадересін ауылына 7 млн. қаражатқа, Ақжайдақ елді мекеніне 5 млн. қаражатқа сыртқы бейнебақылау орнату.

Ауылдық округ бойынша өзекті проблемалардың уақытылы және сапалы шешілуіне ауылдық округте қарасты «Алтыналмас» АҚ мекемесімен бірігіп отырып, алдағы 4-5 жылға жасалынған жоспар арқылы біраз атқарылатын жұмыстар бар. Атап айтқанда, елді мекенге қарасты Ақжайдақ станциясына былғы жылдың аяғына дейін жаңа ток көзін (трансформатор) салу, қазіргі уақытта Ортадересін ауылында құрылыс жұмысы басталған спорт алаңдарының (футбол, баскетбол алаңдары, халыққа арналған демалу саябағы, жастардың мәдени бос уақыт өткізу орталығы) жұмысының сапалы аяқталуына бар күшімді саламын.

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы әкіміне үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

**Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы әкіміне үміткер
Алибаев Алтай Баймаганбетовичтің өмірбаяны және
сайлауалды бағдарламасы**



Алибаев Алтай Баймаганбетович 1985 жылы 23 шілдеде Ақтоғай селосында дүниеге келген.

Ұлты қазақ.

Білімі жоғары.

2009 жылы «Фемида» заң академиясына түсіп, «Заңтану» мамандығын алған. 2008 жылдың ақпанынан бастап Ақтоғай селосының әкімі аппаратында маман, 2009 жылдың қыркүйек айында Ақтоғай ауданы бойынша МСЭҚБ-да бас маман, заңгер-кеңесшісі, 2011 жылы Ақтоғай селосының әкімі аппаратында маман. 10.08.2011 жылы Ақтоғай селосының әкімі аппаратында бас маман міндетін атқарушы, 21.11.2011 жылы Ақтоғай селосының әкімі аппаратында бас маман, 27.02.2012 жылы «Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ-нің бас маманы, 03.10.2017 жылы «Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ-нің сектор меңгерушісі, 13.02.2020 жылдан қазіргі уақытта «Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ-нің басшысы.

Құрметті сайлаушылар!

Менің сайлауалды бағдарламам Ақтоғай ауданының тұрғындары үшін мына бағыттарға негізделген:

* Ауыл шаруашылығын дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бағаны тежеу. Ауыл шаруашылығын дамытуға, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және бағаны тежеуге белсенді түрде жәрдемдесетін боламын.

* Ауыл шаруашылығы дақылдарының алқаптарын кеңейту, мал басы санының өсуі есебінен ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді ұлғайту;

* Ауылдағы шағын және орта шаруашылықтар мен жеке қосалқы шаруашылықтарға мемлекеттік қолдауларды көрсетуді қамтамасыз ету, сервистік және маркетингтік ауыл шаруашылығы кооперативтерінің желісін құру, кооперативтерге мемлекеттік қолдау және салықтық жеңілдіктерді қарастыру. Ауыл шаруашылығы өнімдерін ішкі және сыртқы өткізу нарықтарын дамыту;

* Бағаның өсу қауіпі жоғары әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын тұрақтандыру қорынан алу жұмыстарын ұйымдастыру;

* Ауылдық елді мекендердің тұрғындарына төмен пайызбен, ұзақ мерзімді, өзін-өзі қамтамасыз ететін несиелер қаражаттарын алуы ұйымдастыру;

* Ауданның тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін жұмыс орындарын құру және экономикалық белсенділікті ынталандыру. Ауданның жұмыссыз тұрғындарын жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, оның ішінде оқыту және қайта даярлау бағдарламалары мен іс-шараларын құру. Шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламаларын іске асыру, оның ішінде жеңілдікті несиелер беру және бизнес-жоспарлар бойынша кеңес беру. Бұл жұмыс орындарын ашып, тұрғындардың кірісін арттырады.

* Мектептерге күрделі жөндеу және жаңарту жұмыстарын жүргізу, оларды заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету. Халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан үздік түлектерге университетке түсу үшін жергілікті кәсіпкерлермен бірлесе отырып, стипендиялық бағдарламаларды құру.

* Ауданда медициналық орталықтар мен дәрігерлердің санын көбейту, жас мамандарды шақыру

* Жас отбасылар мен аз қамтылған азаматтарды тұрғын үй алуға қолдау көрсету бағдарламасын әзірлеу;

* Жолды сапалы күтіп ұстауды қамтамасыз ету;

* Ұлттық салт-дәстүрді, қолөнер мен өнерді өскелең ұрпаққа жеткізу үшін шеберханаларды, мектептер мен үйірмелер құру және қолдау көрсету;

* Ұлттық мұраны сақтауға және насихаттауға бағытталған жергілікті өнер және мәдени жобаларды қаржылық қолдау;

* Жастардың білім алуына, тұлғалық дамуына, әр түрлі бастамалар көтеруіне, және де білім беру мен ойын-сауық шараларына арналған жастар орталықтарын құру;

* Жастарды дене шынықтырумен айналысуға ынталандыру үшін спорт алаңдары мен дене шынықтыру орталықтарын салу және жөндеу;

* Салауатты өмір салтына арналған спорттық жарыстар мен іс-шараларды ұйымдастыру.

Сондықтан, баршамызға пайдалы болатын болашаққа бірге қадам басайық. Біздің мақсаттарымыз тек өзіміздің жігеріміз бен ынтымағымызбен шектеледі. Мен сіздерді алдағы сайлауда мені және менің бағдарламамды қолдауларыңызды сұраймын, осылайша біз бірге өз ауданымызды тек өзіміз үшін ғана емес, болашақ ұрпақ үшін де жақсырақ ете аламыз. Жаңа көзқарастарды бірге бағындырайық.

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

**Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы әкіміне үміткер
Аманжолов Абылай Базылұлының өмірбаяны және
сайлауалды бағдарламасы**



Мен, Аманжолов Абылай Базылұлы 1984 жылы 16 қарашада Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылында дүниеге келдім. Аудан орталығындағы Күләш Байсейітова атындағы орта мектепті бітірдім. Екі жоғары білімім бар. Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша, Фемида заң академиясын заңтану мамандығы бойынша тәмамдадым.

Атырау қаласының №5546 әскери бөлімінде азаматтық борышымды өтедім.

Еңбек жолымды Ақтоғай ауданы әкімі аппаратында бас маман болып бастап, әр салада Балқаш қаласының «Қазақмыс» корпорациясында экономист, Ақтоғай аудандық Халық банк бөлімшесінде менеджер, алғашқы құрылған аудандық

жастармен жұмыс жасау орталығының директоры, Қарағанды облыстық олимпиадалық резервті дайындау орталығында менеджер, Абай қаласы әкімі аппаратының бас маманы, Ақтоғай аудандық жастар ресурстық орталығының директоры, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы болып жауапты қызметтер атқардым. 2017 жылдан бастап Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары болып қызмет атқарудамын.

Отбасылымын, төрт балам бар.

Құрметті сайлаушылар,

Өзімнің туған жерім Ақтоғай ауданында еңбек жолымды бастап, туған өңірімде еңбек еткендіктен халықтың тұрмыс тынысы мен проблемалық мәселелерімен жақсы таныспын. Аудан тұрғындарымен тығыз байланыста болып, ортақ мәміледе бірлесе шешіп, жұмыс атқаратын боламын.

«Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден».

Әлихан Бөкейхан.

Аудан әкімі болып сайлаған жағдайда, алдағы уақытта төмендегі жұмыстардың атқарылуына күш салатын боламын;

– Аудан бойынша инвестициялық қолайлы жағдай туғызу арқылы ірі жобаларды ашу, жаңадан жұмыс орындарын құру;

– Ауыл шаруашылығы саласында заманауи технологияларға негізделген инвестициялық жобаларды жүзеге асыру;

– Аудан бойынша электр жарығы мәселесін шешу, тұрақты берілуін қамтамасыз ету;

– Барлық кіші елді мекендерді орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамту;

– Облыстық, аудандық маңыздағы автомобиль жолдары мен көше ішкілік жолдарына сапалы жөндеу жұмыстарын жүргізу;

– Жалға берілетін тұрғын үй салу және көпқабатты үйлерді қалпына келтіру;

– Елді мекендерде медициналық қызмет түрлерінің сапасын арттыру үшін заманауи нысандар салу, материалдық-техникалық жабдықтармен және кадрлармен қамтамасыз ету;

– Ауданының бай тарихы мен көркем табиғатын халықаралық туризмнің базасына айналдыру, мемлекеттік тарихи, мәдени қорық құру;

– Жас ұрпақтың сапалы білім алуына жағдай туғызу, жаңа білім беру мен спорт объектілерін салу, жөндеу жұмыстарын жүргізу, ауыл жастарының уақытын тиімді өткізу үшін әлеуметтік нысандарды жыл сайын заманауи стандарттар бойынша жаңғырту;

– Аудан тұрғындары арасында ұлттық салт-дәстүрлер арқылы рухани тәрбие шараларын күшейту, ұрпақ тәрбиесінде отбасылық құндылықтарды дамыту;

Қадірлі жерлестер!

Өз тарапымнан мемлекеттік қызметте алған тәжірибемді білімім мен қабілетімді басшылыққа ала отырып, Ақтоғай ауданының әлеуметтік экономикалық дамуын және тұрғындардың әл-ауқатын арттыруды қамтамасыз ету жолында жүйелі түрде жұмыс жасауға бар күш-жігерімді жұмсаймын.

Барлығымыз бірге белгіленген межелерге қол жеткізе алатынымызға және жерлестеріміздің сапалы өмір сүру деңгейін бірлесе отырып жақсарту алатынымызға сенімдімін.

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы әкіміне үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы әкіміне үміткер Нөкеш Қайрат Оразұлының өмірбаяны және сайлауалды бағдарламасы



Құрметті ақтоғайлықтар, қадірлі жерлестер!

Аудан әкімінің сайлауында мені қолдасаңыздар: Аудандағы 36 елді мекеннің бүгінгі, ертеңі келешек проблемаларын толық зерттеп, ауданды дамыту жол картасын жасаймын.

Сарышаған, Шашубай кенттері орталық канализация жүйелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жасалады. Ақтоғай ауылында салынып жатқан канализация жүйесіндегі кемшіліктерді қайта түзеу керек. Сарышаған, Шашубай кентіндегі жылу қазандықтары, жылу жүйелерінің тозған бөліктері кезең-кезеңімен ауыстырылып, жөнделетін болады.

Ауданның электр жүйелерін, подстанция, КТП тарифына толық талдау жасап, меншік түрлерін анықтап, жөндеу жұмыстарын жасауға, меншік иелерімен жұмыс жасайтын боламын. Ауылдардың ауыз су жүйелерін халық санына қарай тиімді жабдықтауды ұйымдастырамын, бұл кезек күттірмейтін, әрі күн тәртібіндегі өзекті мәселе болып саналады.

Тұрғындар саны 50-ден аспайтын шағын елді мекендерді электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін альтернативті (қосалқы) дербес энергия беру станцияларын қойып «Скважина-резервуар-колонка» сияқты көп қаражат талап етпейтін пайдаланудың жеңіл әрі тиімді жүйесін жүзеге асыру қажет.

Ауданда заңды құжаттары жасалмаған ессіз үйлер, жолдар, нысандар баршылық. Оларға тиесілі заңды құжаттарын реттей отырып, иелерін анықтап, коммуналдық меншікке алуды ұйымдастырамын. Кент, ауылдық округтің экологиялық, санитарлық-гигиеналық хал-ахуалын сақтау мақсатында қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны жанынан сұрыптау және шағын өңдеу цехтарын, биоотын қондырғыларын орнатуды қолға аламын.

Ауданның демографиялық, миграциялық ахуалы сын көтермейді. Халықтың сыртқа көшуі көп, шағын елді мекендердегі мектептер жабылу алдында тұр. Мектеп болса ауыл да сақталады. Ол үшін сырттан көшіп келушілер легін елді мекендерге шақырып, қоныстандырып, оларға қажетті жағдай жасау тетігін қарастыру керек.

Медициналық кадрлар жеткіліксіз. Сырттан келген жоғары білімді мамандар. Оларға мемлекет тарапынан көрсетілетін мүмкін жағдайларды пайдаланып, көздеген мақсаттарына жеткен соң кетіп қалып жатады. Сондықтан да мектеп бітіріп медициналық жоғары оқу орындарына грантсыз түскен ауыл жастарының бюджеттен тыс қаржы есебінен оқуының 50 пайызын жабудың мүмкіндіктерін қарастырамын. Мемлекеттік «Дипломмен-ауылға» бағдарламасы мүмкіндігін барынша кеңінен пайдалануға ерекше көңіл аударатын боламын.

Сарышаған кентінде үлкен футбол алаңы, хоккей корты салынатын болады. Көл жағасындағы Сарышаған кенті, Тасарал ауылының кәсіпкерлерін туризм саласын дамытуға ықпал жасаймын. Мәдениет үйлерін қалпына келтіру, жөндеу материалдық-техникалық базасын нығайту, білімді кадрлармен қамту, Қаратал ауылының аумағында этнографиялық, тарихи-археологиялық, табиғи мұражайлық, демалу-сауықтыру, дала туризмі, мәдени инфрақұрылымдарын, қонақ үйлер жүйесін дамытуды қолға аламын.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ғалымдарымен бірлесе отырып, қолмен ұрықтандыру арқылы мал тұқымын асылдандыру жұмысы жүйелі түрде жүргізілетін болады.

Ауыл жанындағы тозған жайылымдық жерлер көпжылдық шөптер егу арқылы қалпына келтіріледі, тұрғындардың жеке меншік малдарын жем-шөппен қамтамасыз ету мақсатында жайылымдық жер мәселесі қайта қаралады. Ауылдық елді мекендердің қыстаққа айналып кеткен жағдайы дұрыс емес. Жайлау, күздік, қыстама принципін қалпына келтіру мақсатында барынша жұмыс атқаратын боламын.

Құс өсіру қолға алынып, инкубатор балапандары шығарылып, халыққа тиімді бағамен ұсынылатын болады. Мал сою пункті жанынан халықтан қол жетімді бағамен ет алып жинақтайтын 2 мың тонналық контейнер коюды қажет деп санаймын және жинақталған өнімді одан әрі шет елдерге өткізу мүмкіндігі ойластырылады.

Кезінде қолға алынып, соны сиыр құйымшақтанып кеткен сүт өңдеп, өнімнің төрт түрін шығаратын цех жұмысын аяқтауды қолға аламын. Шет ауданы әкімдігімен бірлесіп Ақтоғай-Ақсу-Аюлы күре жолы бойынан мал базарын ашу жұмысы қолға алынатын болады.

Демеушілерді тарта отырып суыққа төзімді алма, алмұрт, шие, қара өрік, қарақат, долана сияқты жеміс ағаштары бағын ашамыз.

Қол жетімді бағада сапалы Қытай мемлекетінен ауыл шаруашылығы техникаларын, күн сәулесінен электр энергиясын өндіретін құрылғыларын ұсынатын сауда орталығын ашу ұйымдастырылады. Аудандық маңыздағы ауылшылық жолдарға ревизия жасай отырып, бірінші кезекте жасалатын жұмыстар басымдылығын нақтылап, қажетті құжаттарын тиісті орындарға уақытылы ұсынуды басты назарда ұстамақпын.

Жоғарыда айтылған мәселелерді кезең кезеңімен шешуде «Ауыл-ел бесігі», «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламаларды кеңінен пайдаланып, жобалау сметалық құжаттарды дер кезінде даярлау мәселесі басты мақсат болмақ, әрі бұндай өзекті шаруаға ерекше көңіл аударатын боламын. Аудан көлеміндегі сайлаушылармен жиі кездесіп, пікір бөлісіп, алдағы атқарылатын жұмыстарға бағыт-бағдар алып, әріптестермен бірлесіп келелі мәселелерді жоғары орындарға қойып, кез келген жұмыстарды бірлесе шешуді аудан әкімінің басты міндеті деп білемін.

Жоғарыда айтылған мәселелер бір адамның қолынан келмейді, ол үшін аудан әкімі жанынан мақсаттары бір еліне, жеріне жаны ашитын білімді мамандар ауадай қажет. Ондай іскер тұлғалардан жасақталған команда жинақтау өмір талабы. Жас мамандарды мемлекеттік қызметке кеңінен тарту басты мақсатым болады.

Халыққа көпірме сөз, бос уәде емес, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын нақты жұмыстар нәтижесі қажет.

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы әкіміне үміткер Стыбаев Орал Замирбековичтің өмірбаяны және сайлауалды бағдарламасы



Мен, Стыбаев Орал Замирбекович 1985 жылы 31 қазанда Қарағанды облысы Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылында дүниеге келдім.

Ұлтым қазақ.

Білімім жоғары.

01.09.2004-21.03.2005 жылдары алғашқы еңбек жолымды Электр дәнекерлеуші, «Шет энерго» ЖШС-інде бастадым. 24.06.2005-07.11.2005 жылдары Шет ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жетекші маманының міндетін атқарушы, 07.11.2005-06.01.2006 жылдары Шет ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жетекші маманы, 30.03.2006-04.07.2007 жылдар аралығында Шет ауданының ішкі саясат бөлімінің жетекші маманы, 04.07.2007-15.06.2008 жылдары ҚР-ның Қарулы

Күштерінің қатарында жауынгер, Ақтөбе қаласы.

22.10.2008-16.09.2009 жылдары «Шет ауданы әкімі аппараты» ММ ұйымдастыру-кадр бөлімі бас маманының міндетін атқарушы, 16.09.2009- 29.11.2010 жылы «Шет ауданы әкімі аппараты» ММ ұйымдастыру -кадр бөлімінің бас маманы, 29.11.2010 - 18.06.2013 жылдары «Шет ауданы әкімі аппараты» ММ ұйымдастыру-кадр бөлімінің менгерушісі, 18.06.2013-25.04.2016 жылдар аралығында «Шет ауданы әкімі аппараты» ММ ұйымдастыру бөлімінің басшысы, 25.04.2016-14.02.2023 жылы Шет ауданы әкімі аппаратының жетекшісі, 15.02.2023 бастап Шет ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарып келемін.

Ақтоғай ауданы тұрғындары, құрметті сайлаушылар!

Менің алға қойған мақсатым—ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін жақсарту, мәселелерін аудан тұрғындарымен бірлесе шешу. Өздеріңіз білесіздер, өңіріміз ауыл шаруашылығымен ерекшеленеді. Оның ішінде ауданымыз мал шаруашылығы мекені.

— Жоғары білікті мамандарды тарта отырып, өскелең ұрпақтың қолжетімді және сапалы білім алуын, жаңа білім беру объектілерін салу, ауыл жастарының бос уақытын тиімді өткізу үшін спорт пен мәдениетті, әлеуметтік объектілерді жыл сайын заманауи стандарттар бойынша жаңғыртуды қамтамасыз ету;

— Ауыл шаруашылығын ілгерілетіп, бұл саладағы заманауи технологияларға негізделген инвестициялық жобаларды аша отырып, мал басы санының өсуін қамтамасыз ету;

— Аудандағы кәсіпкерлер халықтың әл-ауқатын көтеруге үлес қосуы керек. Өңірде кәсіп дамыса, қосымша жұмыс орындары ашылады деген сөз. Ол үшін ең бірінші кәсіпкерлердің еш алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасау;

— Шағын елді мекендерді таза ауыз сумен жабдықтау жұмыстарын қолға алу;

— Тұрғындарды жұмыспен қамтып, жайлы өмір сүруі үшін бар күш-жігерім мен біліктілігімді саламын. Осылайша жергілікті жұрттың өмір сүру сапасын көтергім келеді. Жергілікті атқарушы биліктің жұмысы қоғамдық бақылауда болғаны жөн. Бұл жұмыс процесін жеделдетеді. Бағаның өсу қауіпі жоғары әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын тұрақтандыруды ұйымдастыру;

— Ауылдық елді мекендердің тұрғындарына төмен пайызбен, ұзақ мерзімді, өзін-өзі қамтамасыз ететін несиелер қаражаттарын алуды ұйымдастыру;

— Ауданның барлық елді мекендерін тұрақты ұялы байланыс, қолжетімді және сапалы интернет желісімен қамтамасыз ету;

— «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы шарттарына өзгерістер ұсына отырып, ауылға көшуге ниет білдірген барлық жұмысшы, мамандығы бар азаматтарға қолдау көрсету, оларды лайықты тұрғын үй, тұрмыстық жағдайымен қамтамасыз ету;

— Кәсіби және көшбасшылық дағдыларды дамытуға бағытталған жазғы және қысқы лагерьлерді, тағылымдамалар мен курстарды ұйымдастыру. Жастардың білім алуына, тұлғалық дамуына, әр түрлі бастамалар көтеруіне және білім беру мен ойын-сауық шараларына арналған жастар орталықтарын құру.

Біз жаңа мүмкіндіктер мен қиындықтардың шегінде тұрмыз және сіздердің дауыстарыңыз ауданымыз үшін маңызды. Менің сайлауалды бағдарламам Ақтоғай ауданының әрбір тұрғынына тең жағдай жасауға, өмір сүру сапасын жақсартуға және жалпы облысымызды дамытуға бағытталған.

Менің мемлекеттік қызметтегі және құқықтық қамтамасыз ету саласындағы тәжірибем әкім лауазымына білікті үміткер болуға мүмкіндік береді. Мен сіздердің мүдделеріңіз бен алаңдауларыңызды толықтай түсінемін, сондықтан Ақтоғай ауданының гүлденуі және әрқайсымыз үшін өмір сүруге қолайлы болуы үшін жағдай жасауға дайынмын.

11 тамыз күні күні ауданымыздың болашағы үшін баршаның дауыс беруге шақырамын. Аудан халқының әл-ауқатын жақсарту үшін әрбір тұрғынның дауысы маңызды. Ауданымызды бірге көркейтейік!

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

АҚТОҒАЙ АЖАРЫ 6 **19 шілде 2024 жыл**
2024 жылғы 11 тамызға тағайындалған Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы әкімін сайлау

Ақтоғай ауданы әкіміне үміткер А.Б.Аманжоловтың сайлаушылармен кездесу өткізу кестесі

№	Кездесу күні мен уақыты	Кездесу орны	Кандидаттың Т. А. Ә., Кім ұсынды
1	22.07.2024 Сағ 10-00 ден 11-00 дейін (1 сағат)	Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі, Жаланаш ауылы, Астана көшесі №22А, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты, Жаланаш ауылдық клуб үйінің ғимараты	Аманжолов Абылай Базылұлы «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы
2	22.07.2024 Сағ 12-00 ден 13-00 дейін (1 сағат)	Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі, Үшарал ауылы, Бәйтерек көшесі №61, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты, Үшарал ауылдық клуб үйінің ғимараты.	Аманжолов Абылай Базылұлы «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы
3	22.07.2024 Сағ 15-00 ден 16-00 дейін (1 сағат)	Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі, Сәуле ауылы Жастар көшесі №5/2, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Сауле ауылдық клуб үйінің ғимараты.	Аманжолов Абылай Базылұлы «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы
4	23.07.2024 Сағ 11-00 ден 12-00 дейін (1 сағат)	Ақтоғай ауданы Кежек ауылдық округі, Ақши ауылы, Бейбітшілік көшесі №6, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Ақши ауылдық клуб үйінің ғимараты.	Аманжолов Абылай Базылұлы «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы
5	24.07.2024 Сағ 10-00 ден 11-00 дейін (1 сағат)	Ақтоғай ауданы Қарамөңде би ауылдық округі, Қуаныш ауылы 2 көше №112, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Қуаныш ауылдық клуб үйінің ғимараты.	Аманжолов Абылай Базылұлы «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы
6	24.07.2024 Сағ 12-00 ден 13-00 дейін (1 сағат)	Ақтоғай ауданы, Қарамөңде би ауылдық округі, Ақтас ауылы, Еңбек көшесі №7 КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты, Ақтас ауылдық клуб үйінің ғимараты.	Аманжолов Абылай Базылұлы «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы
7	25.07.2024 Сағ 10-00 ден 11-00 дейін (1 сағат)	Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылдық округі, Ақжарық ауылы, У.Жанібеков көшесі №10, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Ақжарық ауылдық клуб үйінің ғимараты.	Аманжолов Абылай Базылұлы «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы
8	25.07.2024 Сағ 12-00 ден 13-00 дейін (1 сағат)	Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылдық округі, Шабанбай би ауылы Бөкейхан көшесі №12, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Шабанбай би ауылдық клуб үйінің ғимараты.	Аманжолов Абылай Базылұлы «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы
9	26.07.2024 Сағ 12-00 ден 13-00 дейін (1 сағат)	Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылдық округі, Сарытерек ауылы, Парасат көшесі №18/А, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Сарытерек ауылдық клуб үйінің ғимараты.	Аманжолов Абылай Базылұлы «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы
10	29.07.2024 Сағ 12-00 ден 13-00 дейін (1 сағат)	Ақтоғай ауданы Нүркен ауылдық округі, Нүркен ауылы, Жалантөс көшесі №6, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Нүркен ауылдық клуб үйінің ғимараты.	Аманжолов Абылай Базылұлы «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы
11	30.07.2024 Сағ 12-00 ден 13-00 дейін (1 сағат)	Ақтоғай ауданы Ортадересін ауылдық округі, Ортадересін ауылы, Жаушыков көшесі №20, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Ортадересін ауылдық клуб үйінің ғимараты.	Аманжолов Абылай Базылұлы «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы
12	31.07.2024 Сағ 11-00 ден 12-00 дейін (1 сағат)	Ақтоғай ауданы Шашубай кенті, Ақбергенова көшесі №3, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Шашубай кенттік клуб үйінің ғимараты.	Аманжолов Абылай Базылұлы «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы
13	01.08.2024 Сағ 11-00 ден 12-00 дейін (1 сағат)	Ақтоғай ауданы Тасарал ауылдық округі, Тасарал ауылы ауылы, Ағыбай батыр көшесі №5, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Тасарал ауылдық клуб үйінің ғимараты.	Аманжолов Абылай Базылұлы «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы
14	02.08.2024 Сағ 10-00 ден 11-00 дейін (1 сағат)	Ақтоғай ауданы Сарашыған кенті, Абай көшесі №12, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Сарышыған кенттік клуб үйінің ғимараты.	Аманжолов Абылай Базылұлы «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы
15	05.08.2024 Сағ 10-00 ден 11-00 дейін (1 сағат)	Ақтоғай ауданы, Айыртас ауылдық округі, Айыртас ауылы көшесі №7, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Айыртас ауылдық клуб үйінің ғимараты.	Аманжолов Абылай Базылұлы «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы
16	05.08.2024 Сағ 12-00 ден 13-00 дейін (1 сағат)	Ақтоғай ауданы, Қусақ ауылдық округі, Қошқар ауылы, Мәдениет көшесі №15, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Қошқар ауылдық клуб үйінің ғимараты.	Аманжолов Абылай Базылұлы «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы
17	05.08.2024 Сағ 15-00 ден 16-00 дейін (1 сағат)	Ақтоғай ауданы, Абай ауылдық округі, Абай ауылы көшесі №8, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Абай ауылдық клуб үйінің ғимараты.	Аманжолов Абылай Базылұлы «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы
18	08.08.2024 Сағ 16-00 ден 17-00 дейін (1 сағат)	Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы Ә.Бөкейхан көшесі №2 ғимаратта орналасқан КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Ақтоғай аудандық мәдениет үйі.	Аманжолов Абылай Базылұлы «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық филиалы

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін (жалға) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру бойынша конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАМА

19 шілде 2024 жыл

2024 жылдың 9 қыркүйек сағат 15.00-де, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылы Ә.Бөкейхан көшесі мекенжайы бойынша орналасқан Ақтоғай ауданы әкімдігінің кіші акт залында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін (жалға) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру бойынша конкурс өтеді.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар беріледі:

- 1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- 2) конкурстық ұсыныс.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімді тіркеу және қабылдау 2024 жылдың 19 тамызынан 2024 жылдың 6 қыркүйек сағат 18.30-ге дейін, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылы Ә.Бөкейхан көшесі 10Г (2 қабат, «Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ) мекенжайында орналасқан ММ-де жүзеге асырылады.

Конкурсқа қатысуға өтінім, өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанша, қағаз тасығышта қолма-қол не почта арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беріледі. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер,

өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Конкурсқа Қазақстан Республикасының белгіленген тәртіпте тіркелген мемлекеттік емес заңды тұлғаларымен (шетелдік заңды тұлғалардан, сондай-ақ жарғылық капиталында шетелдіктердің, шетелдік заңды тұлғалардың, азаматтағы жоқ тұлғалардың үлесі елу пайыздан астамын құрайтын заңды тұлғалардан басқа) Қазақстан Республикасының азаматтары ақпараттық хабармен орнатылған мерзімінен кешіктірмей конкурсқа қатысуға рәсімделген өтінім жіберіледі.

Келесі жер учаскелері конкурсқа шығарылады, төменде көрсетілген кестеге сәйкес:

(Жалғасы 7-бетте).

Құттықтаймыз!



**Құрметті құрдасымыз
Алдашев Еламан
Алдашұлы!**

Сені келіп жеткен асқаралы 60 жас мерейтойыңмен құттықтаймыз.

Әрбір адамның өзіне тән өмір соқпағы болады. Еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік

әркімнің өмірінде әр қилы.

Өзінің өнегелі соқпағында сыйластық пен достықтың ұлагатын ұлықтаған жанға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, ортамызда жарқырап жүре беруіңе тілектеспіз.

Құтты болсын 60 жас,

Қуанышың жинасын.

Жаратқаның жар болып,

Бар жақсылығың силасын.

Ақ тілекпен: құрдастарың – Махат, Саят, Рымбек, Дулат М., Дулат К., Бауыржан, Қайрат, Маржан, Алтын, Дана, Фабит,

Құттықтаймыз!



**Құрметті бауырымыз
Алдашев Еламан!**

Сізді асқаралы 60 жасқа толған туган күніңізбен құттықтаймыз.

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат тілейміз. Келген жасыңыздың әр күні қуанышқа, шаттыққа, толы болсын. Ағайын-туыстың қуанышында бірге болуды Алла нәсіп етсін. Еңбегіңіз жемісті болып, ортамызда аман-есен жүре беріңіз. Бейбіт заман, ашық аспан астында мерейлі күндеріңізді қарсы алып жүре беріңіз.

Бақыт сыйлап аралы таңдарыңыз,

Тола берсін шаттыққа жан-жағыңыз.

Бауырлармен шаттықты қызық көріп,

Орындалсын тілектер, арманыңыз

Ізгі тілекпен: Сергей-Бақыттыбала, Самат-Мейрамгүл, Ернұр-Гүлзат, Науан-Эльмира және бауырлары.

Құттықтаймыз!



**Құрметті корііміз
Хамитов Қамбар
Бөлекбайұлы!**

Сізді мерей жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Осы таңда адам өмір жолының асқар биігі – зейнеткерлік жасқа шығып отырған сізге жақсылыққа толы шуақты күндер, ордалы жануаңызға амандық тілейміз. Денсаулығыңыз мықты болып, сол денсаулықтың арқасында бала-шағаңыздың қуаныш-қызығын көре беріңіз. Алланың берген жасын жасап, ел-жұртыңыз бен ағайын-туғанның ортасында бақытты ғұмыр кешіңіз. Шаңырағыңыз шат-шадыман қызыққа толсын.

Қайда жүрсең алдыңнан ақ күн тусын,

Ақ кемеңің желкенін шаттық бұрсын.

Өмір жасың қаншаға созылса да,

Алдыңнан күтіп тұрсын бақыт құсың.

Ізгі ниетпен: коріілеріңіз – Тоты, Картай-Әлимаи, Дәкен, Нәсіп, Сейіт-Света, Сағдат-Күлән, Қайрат-Рымгүл, Серікбол-Әлия, Дәулен-Айсұлу, Азамат-Бота.

(Соңы. Басы 6-7 беттерде).

№	Направление от ближайшего населенного пункта земельных участков, № лот)	Сельскохозяйственная специализация региона	Общая площадь Срок аренды лет		Сельхоз угодия в.т.ч				средний балл бонитета	Водообеспеченность	Другие
					Паш- ня	Сено- косы	Паст- бища	Другие угоди			
1	Шабанбайский сельский округі лот №33	Для животноводства	522,3315	12 год			521,1315	1,2000	1	Необеспечен	
2	Земли запас лот №35	Для животноводства	3500,0000	12 год			3494,0000	6,0000	5	Необеспечен	
3	Земли запас лот №37	Для животноводства	3105,0000	12 год			3100,0000	5,0000	8	Необеспечен	
4	Карабулакский сельский округ лот №39	Для животноводства	1193,1605	12 год			1189,8605	3,3000	7	Необеспечен	
5	Земли запас лот №40	Для животноводства	1151,4340	12 год			1150,0000	1,4340	10	Необеспечен	
6	Кызыларайский сельский округі лот №41	Для животноводства	155,3326	12 год	155,3326				3	Необеспечен	
7	Сельский округ Караменде би лот №43	Для животноводства	54,7500	12 год			54,5500	0,2000	15	Необеспечен	
8	Земли запас лот №44	Для животноводства	2500,0000	12 год			2495,2000	4,8000	6	Необеспечен	
9	Земли запас лот №45	Для животноводства	2500,0000	12 год			2496,1000	3,9000	6	Необеспечен	
10	Кызыларайский селский округ лот №46	Для животноводства	190,0000	12 год	50,0000		139,0000	1,0000	14	Необеспечен	

Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологии, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) –

для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: 15-00 часов 9 сентября 2024 года (указывается точная дата).

Конкурс проводится в соответствии с требованиями норм ст.ст.43, 43-1,48 Земельного Кодекса РК от 20 июня 2003 года № 442 и «Правилами организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» утвержденного Приказом Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан- Министра сельского хозяйства Республики Казахстан № 518 от 20 декабря 2018 года.

Дополнительную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства» Актогайского района»расположенного по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, село Актогай, улица Ә.Бокейхана, 10Г (2-й этаж, кабинет 1). Контактные телефоны: 8(71037) 2-12-92; 2-13-83: электронный адрес: aktogai_zher23@mail.ru.

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

**Меншік иесі: "Актогай ажары" газеті
редакциясы ЖШС**

**Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан
Республикасы ақпарат және даму Министрлігі
2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

**Мақала авторларының пікірі
газеттің көзқарасын білдірмейді.
Таралымы 880 дана**

**Мекен-жайымыз: 100200, Актогай
ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

Телефондар: редактор: 2-18-81.

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



**Электрондық пошта aktogai_red @
mail.ru**

**Газетке А4 форматты 3 беттен аскан
материалдар қабылданбайды.**

